

ӘЛ-ФАРАБИ ЖЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Алматыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен бірнеше іс-шаралар өткізілді. Шараға білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, академиялық қоғамдастық пен БАҚ өкілдері, университеттің оқытушылары мен студенттері қатысты.



Дөңгелек үстел форматында өткен ғалымдармен кездесу барысында Қырымбек Көшербаев Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойының кейбір қорытындыларын шығарып, мерейтойлық жыл ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен халықаралық деңгейде атап өтілуде екендігін атап өтті. Пандемияға қарамастан, қазақстандық фарабитанушылар мен ғылыми қоғамдастық ұлы ғалымның мұрасын елде және бүкіл

әлемде кеңінен насихаттап дәріптеу бойынша орасан зор жұмыс атқарды.

Мерейтойлық іс-шараларға қатысуға халықаралық қоғамдастық және академиялық орта кең ауқымда тартылды, олардың ішінде БҰҰ мен ЮНЕСКО, ИЫҰ, ТҮРКСОЙ, дипломатиялық миссиялардың өкілдері, сондай-ақ шетелдік жетекші фарабитанушы ғалымдар бар.

Жалғасы 2-бетте

Празднование 1150-летнего юбилея аль-Фараби под эгидой ЮНЕСКО являет собой важную веху в новейшей истории Казахстана в контексте процессов социально-политической модернизации и формирования ценностных ориентиров развития нации. Имя великого мыслителя аль-Фараби, как отметил Елбасы Нурсултан Назарбаев, является бесценным символическим капиталом, который способствует продвижению имиджа страны на мировой арене.

1150-ЛЕТНИЕ АЛЬ-ФАРАБИ: ОТ СТАРТА ДО ИТОГОВ ЮБИЛЕЙНОГО ГОДА

Выступление ректора КазНУ им. аль-Фараби Г.Мутанова на встрече
Госсекретаря РК К.Кушербаева с учеными-фарабиеведами

высоком организационном и содержательном уровне.

Важным механизмом реализации поручения Президента стало принятие общереспубликанского плана юбилейных мероприятий, определившего основные направления работы по популяризации, изучению, осмыслению, продвижению и увековечиванию духовного наследия великого мыслителя. Сегодня, подводя итоги юбилейного года, мы можем говорить о том, что его практическое воплощение, несмотря на коррективы, внесенные пандемией, позволило достичь основных целей.

Для Казахского национального университета имени аль-Фараби стало большой честью выступить

в роли одного из главных исполнителей юбилейных мероприятий как в Казахстане, так и в мировом масштабе. Реализуя эту важную миссию, КазНУ в качестве Глобального Хаба программы ООН «Академическое влияние» привлекает к участию в юбилейных мероприятиях широкие международные общественные и академические круги.

Одним из важных направлений юбилейных мероприятий является организация международных и республиканских научно-практических площадок по обсуждению творческого наследия аль-Фараби и его актуальности в современном мире.

Продолжение на 2 стр.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

KAZNU.KZ

Resei halyqtar dostyǵy ǵyversiteti (RHDY) ál-Farabi atyndaǵy halyqaralyq yntymaqtastyqty nyǵaıtý jáne stýdentterdi daıarlaý sapasyn arttırý maqsatynda Bilim jáne ǵylym salasynaǵy yntymaqtastyq týraly kelisim jáne stýdenttermen akademialyq almasý týraly kelisim negizinde «marketn» mamandyǵy boıynsha 4-kýrs stýdentterin QazUÝ-ǵa oqýǵa jiberdi.

Bakalavriat stýdentterimen almasýdyń mundai formaty algash ret oryn aldy jáne QazUÝ-ǵa pandemiaga qaramastan qashyqtyqtan oqýdyń keń mǵmkindikterine súene otырp, bilim berý keńistiginde óziniń básekelestik artыqshylyqtaryn kúsheıtýge mǵmkindik berdi.

Búgingi tańda COVID-19 taralýy áser etpegen qyzmet salasy joq. Koronavirýstыq pandemianyn joǵary bilim júesine áseri ár elde jáne ár aimaqta ár túrli bolady. Alaida, bul ózgeristerdiń jalpy vektory baiqalady. Pandemia ǵyversitetterdi qıyn jaǵdaıǵa dýshar etti, olardy qysqa merzimde aǵymdaǵy oqıǵalarga beıimdelýge, jedel sıfılandırýǵa kóp qarajat salýǵa jáne yqtımal saldaryn jui elemeyge májbúr etti. Pandemia Bilim jáne ǵylym salasynaǵy halyqaralyq yntymaqtastyqqa teris áser etti. Halyqaralyq saparlar toqtatıldı, stýdentter men oqytýshylardıń almasý jáne akademialyq utqırlyǵy jáne ǵylymı yntymaqtastyq baǵdarlamalary da toqtatıldı.

Joǵary oqý oryndary qysqa merzimde kóptegen ózektı máselelerdi sheshýge májbúr boldy. Olar qashyqtyqtan oqytýdy qandaı formada júrgizýge bolady, bul úshin qandaı tehnikalyq quraldardy paidalaný kerek, stýdentterdiń materialdy ıgerýin qalaı baǵalayı kerek degen syndy máseleler.

QR Ulttyq Olmпиada komiteti, National Esports Student Association jáne Qazaq Cybersport Federation yntymaqtastyq týraly Memorandýmǵa qol qoidy.

Taraptardıń ózara is-qımylynyn negizgi maqsattary halyqaralyq sport qozǵalysynyn bir bóligi retinde Qazaqstada stýdenttik kibersporty qoldaı jáne damytý, sporttyq jáne aqparattyq mádenietti ilgeriletý, otandyq jáne sheteldik joǵary oqý oryndarymen áriptestik ornаты, kibersport salasında birlesken jobalardy iske asyrý bolyp tabıladı.

2020-2021 jyldarǵa arnalǵan yntymaqtastyq sheńberinde taraptar birinshi kezektegi mindet retinde stýdenttik kibersport boıynsha qazaqstandyq ligany qurý men damytýdy belgiledi. Ligany qurý - bul Qazaqstandaǵy kibersportty damytýdaǵy úlken qadam, bul Qazaqstandaǵy osy qozǵalystyń damýyna júe qurayshy serpin beredi jáne kóptegen jas talanttardy ashady. Liganyń qyzmeti joǵary oqý oryndarynyn stýdentteri arasynda kibersport pánderi boıynsha tımrler uıymdastyrýǵa jáne ótkizýge, kibersportty nashhattaıǵa jáne onyn túrlerin damytýǵa baǵyttalǵan.

2020 jyldyń qazan aıynda barlyǵy tórt maýsymdy quraıtyn stýdentter ligasynyn algashqy maýsymy bastaldy. Júilde qory 1 mln. teńgeni quraıtyn maýsymǵa jeti ǵyversitetiń quramalary – Ulttyq stýdenttik sport qaýymdastyǵynyn músheleri, sonyn ishinde ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ komandasы qatysady.

Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ-dyn «Jailau» ǵylymi-tehnologialyq parkiniń komandasы Solar Decathlon China 2021 halyqaralyq baiqaýynyn finalyna shyqty jáne 2021 jyly Qytaıdaǵy qysqy Olmпиada oıyndarynyn qarsaýında Hebei provinsiasynyn Chjanszákóy qalasında ekologialyq taza jáne aqyldy úi týraly keshendi sheshimin usynýǵa mǵmkindik aldy.

China Overseas Development Association kompaniasy uıymdastyrǵan Solar Decathlon China 2021 halyqaralyq baiqaýynyn bastalýy týraly 2020 jyldyn qantarynda jarıalandy. Osy sátten bastap uıymdastyrúshylardıń atyna álemniń túkpir-túkpirinen kóptegen ótinimder kelip tústi. Sarapshylar baǵalagannan keiın SDC 2021 baiqaýynyn finaldyq kezeńine álemniń 12 elinen 33 ǵyversitetten 15 komanda shyqty. Olar: University of California, Berkeley, University of Nottingham, Swiss Federal Institute of Technology Zurich, Tsinghua University, The University of Michigan, The Oslo School of Architecture and Design, Technical University of Denmark, Thomas Jefferson University, RMIT University jáne basqalary.

Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ komandasы тураqty damý qaǵıdattaryna saı keletin jasyıl kún úiniń úlgisin usyndy. Joba avtorlary - QazUÝ injınırin jáne ǵylymды qajetsinetin tehnologialar klasteriniń jetekshi mamany t.ǵ.k., Rýslan Ótebaev jetekshilik etetin «Jailau» komandasы. Komanda tuıjrymdamany jasaý úshin bimeshe ai jumys istedi. Daryndy ǵalymdardıń kúsh-jigerin qazylar alqasy baǵalady. Komanda finalǵa ótti, onda jobaǵa saıkes naǵyz jasyıl, shýaqty úi salynady. Qurlyys úshin barlyq qarjylyq shyǵyndardy Qytaı tarapy ózi kóteredi. Aıta ketti kerek, baiqaý aıasynda usynylǵan turǵyn úi modelderiniń barlyǵy nóldik energianı tutynady, iaǵnı ártúrlı jańartylatyn energıa kózerin paidalanady.



құрылатындығын атап өтті. Бұл жоба ғылыми өзін-өзі басқару, экономикалық өзін-өзі қамтамасыз ету және ғылыми зерттеулерді қажет ететін секторларға инвестиция тарту қағидаттарына негізделген ғылыми әзірлемелерді жасап конвертациялауға бағытталған ғылымды басқарудың жаңа моделін жүзеге асыруға арналған.

Сирия астанасы Дамаск қаласында Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығы негізінде ҚазҰУ-дың филиалын ашу жоспарлануда. Ұлы ойшылдың идеяларын дамыта отырып, университет ғылым, білім және мәдениеттің кеңістіктік, уақыттық, коммуникативтік, өркениеттік шекараларын кеңейтуде. Осы мақсатта әлемнің жетекші университеттерінде Әл-Фарабидің 10 ғылыми және білім беру орталығы және Дели мен Стамбулда Екінші ұстаздың екі мұражай үйі ашылды. Орталықтар Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасын зерттеу бойынша көп қырлы жұмыстар жүргізуде, сонымен қатар қазақ тілін, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін зерттеуге ықпал етіп, шетелдік азаматтарды Қазақстанның тарихы мен жетістіктерімен таныстырады.

Кездесу соңында Қырымбек Елеуұлы қазақстандық ғалымдарға қажымас ғылыми ізденістері үшін алғысын білдіріп, оларға жаңа табыстар мен қазақстандық ғылым мен Қазақстанның игілігі үшін зор жетістіктер тіледі. Іс-шараға қатысушылар Әл-Фараби шығармалары және ол туралы жаңа басылымдар көрмесімен, сирек кездесетін кітаптар қорымен және кітапхананың тақырыптық залдарымен, Әл-Фараби мұражайының жаңартылған экспозицияларымен танысты.

ҚР Мемлекеттік хатшысының сапары аясында Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты мен төртінші мерзім қатарынан ҚазҰУ басқарып келе жатқан БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының Ғаламдық хабының жаңартылған кеңсесінің тұсаукесері өтті. Сондай-ақ, Қырымбек Көшербаев университет ғалымдарының COVID-19 пандемиясына байланысты, соның ішінде заманауи IT-технологияларды қолдана отырып жасаған бірқатар зерттемелерімен танысты. Үлкен ғылыми әлеуетке ие елдің жетекші университеті коронавируc пандемиясының таралуымен күресуге өз үлесін қосуда.

Мемлекеттік хатшыға және жұртшылыққа академик Ғалым Мұтановтың жетекшілігімен құрамында математиктер, эпидемиологтар, био-статистика, IT-мамандары, дәрігерлер,

биологтар бар ғалымдар тобы жүргізген Қазақстандағы COVID-19 бойынша жағдайды болжамды бағалау зерттеулерінің нәтижелері ұсынылды. Пәнаралық зерттеудің нәтижесі эпидемияның таралуының қысқа, орта және ұзақ мерзімді сценарийінің болжамды модельдері болды. Ғалымдар COVID-19-бен күресуге бағытталған қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде тиімді шаралар мен басқарушылық шешімдер қабылдау бойынша ұсыныстар жасады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми-технологиялық паркінің ғалымдары адам денесінің температурасын контактісіз өлшеудің және адамдар көп жүретін және көп жиналатын жерлерде масканың болуын немесе болмауын танудың автономды зияткерлік жүйесінің жұмысын көрсетті. Әзірленген жүйе шетелдік аналогтармен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие. Оны қолданыстағы «Оңай» билеттеудің электрондық жүйесіне енгізуге болады, бұл қоғамдық көлікте бетперде режимін сақтаудың барынша мониторингін қамтамасыз етуге, құқық бұзушыларды анықтауға және COVID-19 вирусының таралуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жас ғалымдары мен IT-мамандары коронавирус симптомдарын тануға және ауруды диагностикалау мен емдеу үшін дәрігерге уақтылы жүгінуге көмектесетін «Tracker COV[KZ] Android-қосымшасын әзірлеп шығарды. Мобильді қосымша динамикалық сауалнама жүйесін қамтиды және оның қорытындысы бойынша коронавирус белгілерінің бары туралы егжей-тегжейлі есеп алуға болады. Сондай-ақ, бұл нәтижелерді медициналық мекемеге немесе дәрігерге жіберуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қосымшада Қазақстандағы COVID-19 жағдайы туралы өзекті статистиканы бақылауға болады. Қазір ол – қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді, сондай-ақ OIS үшін де ағылшын тіліндегі нұсқаларын жасау жоспарлануда. Android қосымшасын ұялы құрылғыға Play Market-тен орнатуға болады.

Қонақтардың назарын кең спектрлі әрекетке ие COVID-19 вирусының алдын-алуға арналған түймедақ пен жусан сығындысы бар антисептиктердің үлгілері аударды. Университеттің дәрілік өсімдіктер ғылыми-зерттеу орталығы қызметкерлерінің Қазақстанның өсімдік шикізатынан жаңа табиғи қосылыстар бөлу негізінде әзірлеген дәрілік заттар ерекше қызығушылық тудырды.

Өз тілшімізден

ҚазҰУ студенттері мен Алматы қаласының еріктілері күзгі жапырақтардан ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фарабидің портретін «бейнеледі»

ӘЛ-ФАРАБИ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ



ғылымдарға арифметика, геометрия, оптиканы, жұлдыздар туралы ғылымды, музыканы жатқызады. Музыка туралы ғылым әуендердің түрлерін, олардың неден құралатынын зерттейді дей келіп, бұл мәселеге «Музыканың ұлы кітабы» деген көлемді еңбегін арнайды. «Бақытқа жету жайында» деген трактатында әкім, имам секілді тұлғаалрға анықтама беріп, олардың бақытқа жету үшін қажетті атқаратын міндеттерін белгілейді. Адамгершілік қасиеттердің қалыптасуында әдеттің атқаратын рөлін айқындайды. Ал «Ғылым туралы кітап» трактаты математика және жаратылыстану ғылымдарына арналған. Энциклопедист ғалым бұл еңбегінде химия, физика, медицина, математика салалары бойынша өз заманындағы ғылыми түсінік тұрғысынан пайымдаулар жасайды. Онда химия өнері, жұлдыздар дүниесі, адам дене мүшелері, жануарлар тіршілігі турасында айта келіп, негізінен, математика, оның геометрияға арналған бөлімі жайында баяндайды. Бұл еңбек ұлы ойшылдың жан-жақты білімдарлығының айқын дәлелі, «Екінші ұстаз» деген атағына лайық дүние деп айтуға болады.

Әл-Фарабиге мұндай ерекше мәртебенің берілуі ежелгі грек философы Аристотель (б.з.б. 384 – 322) мен оның ұстазы Платонның және гректің ұлы астрономы Клавдий Птолемейдің еңбектеріне түсініктеме бере отырып, өз жанынан тың қорытындылар шығарып, практикалық мәні зор соны идеялар, пікірлер айтуымен байланысты екені белгілі. Содан бері мың жылдан аса уақыт ішінде ғалымның ғылыми мұраларын Батыс пен Шығыстың дуалы ауыз ғұламалары зерделеп, зерттеп, өз еңбектерінде пайдаланып келеді. Мәселен, сәуленің жиналу, сыну, таралу, шоғырлану заңдылықтарын тапқан әл-Фарабидің шұғыла туралы түсінігі Еуропа ғылымына бертінде ғана мәлім болды. Ғұлама ғылыми астрономияны күмәнді астрологиялық болжаулардан бөліп қарайды. Сондай-ақ, Шығыс елдерінде тұңғыш педагогикалық жүйе жасаған ғалымның ағартушылық еңбегі қазіргі кезде де құнын жойған жоқ.

Ғұлама ғалымның еңбектері әр кезде-ақ дүние жүзінің көптеген көрнекті зерттеушілерінің назарын аударып келді. Олардың қатарында ортағасырлық араб, парсы және басқа тілдерде жазған оқымыстылар Ән-Надим, әл-Бей һаки, ибн Сайд әл-Кифти, Хаджи Халифа, Венике, Камерарице, жаңа дәуір кезеңдеріндегі Батыс Еуропа мен Америка ғалымдары Леонардо да Винчи, Спиноза, Г.Зутер, Ф.Диетерейц, К.Брокель, Дж. Сартон, М.Штейншнейдер, Ресей мен Кеңес Одағының шығыстанушы ғалымдары В.В.Бартольд, Е.Э.Бертельс, Б.Ғафуров, С.Н.Григорьян, В.П.Зубов, А.Сагадеев, түрік ғалымдары А.Сайылы, Х.Үлкен, т.б. есімдерін атауға болады.

Ұлы бабамыздың есімі елімізде өткен ғасырдың 60-жылында белгілі болып, ғалым А.Машановтың бастамасымен, сол кездегі Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қ.Сәтбаевтың қолдау көрсетуімен ғылыми мұралары зерттеле басталды. Соның нәтижесінде аз уақыт ішінде-ақ Ә.Марғұлан, О.Жәутиков, А.Қасымжанов, А.Көбесов, М.Бурабаев, Қ.Жарықбаев, М.Хайруллаев, А.Қасабеков, Ә.Дербісәлі, Ж.Алтаев, т.б. майталман фарабитанушылар өсіп шықты. Бұл қатар әлі де толыға түсуде. 1975 жылы әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай, ЮНЕСКО

шешімі бойынша, Алматыда халықаралық конференция өткізілді. Содан бергі қырық бес жыл ішінде баба рухына арналып қыруар шаралар атқарылды. Елімізде көптеген мектеп-терге, көшелер мен алаңдарға есімі берілді. Ескерткіштері орнатылды. Шымкент қаласында Әл-Фараби ауданы, Түркістан облысының Жетісай ауданында Әл-Фараби ауылы бар. Ұлттық теңге айналымға енген 1993 жылдан бері әл-Фараби бейнесі бедерленген банкноттар шығып келеді. Қазақстан Республикасының Әл-Фараби атында ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы бар. Әл-Фарабидің құрметіне ғылыми, ғылыми-практикалық конференциялар, симпозиумдар мен форумдар, әл-Фараби атындағы олимпиадалар өтіп тұрады. «Әл-Фараби» деген атпен А.Машановтың (әл-Машани), А.Х.Қасымжановтың, А.Көбесовтің, т.б. кітаптары, Фараби еңбектерін зерделеуге арналған жүздеген зерттеулер, оқу құралдары, жинақтар жарық көріп, диссертациялар қорғалуда. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым академиясының философия, саясаттану және дінтану

ғылыми конференциялары жыл сайын үздіксіз өтіп келеді. «Қазақ университеті» баспасы мен «ҚазҰУ хабаршысы» басылымдарында баба мұрасына бағышталған кітаптар, жинақтар мен зерттеулер жарияланып тұрады. Осы қатарда Халықаралық Абай клубының «Философиялық ойлар кітапханасы» сериясымен ғұламаның қазақ және орыс тілдерінде жеті томдық, ағылшын тілінде бір томдық еңбектері жарық көрді. Ұлы ғұламаның 1150 жылдық мерейтойына орай үстіміздегі жылы түсірілген «Әбу Насыр әл-Фараби» деректі фильмінде Батыс пен Шығысты терең біліммен бас идірген Екінші ұстаздың өркениетке қосқан өлшеусіз еңбектері жайында сөз болады. Биылғы ақпан айында әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абайдың 175 жылдығына арналып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әл-Фараби – Абай: сабақтастық мәселесі» халықаралық ғылыми-практикалық дөңгелек үстел өтіп, қос данышпанның Рухани жаңғыру үрдісіндегі рөлі мен тәрбиелік тағылымы сарапталды. Университет әл-Фараби мұрасына арналған 30-дан аса кітаптар шығарды. Тұрақты түрде әл-Фараби форумдары өтіп келеді. Баба мұрасын зерттеушілерге арналған әл-Фараби атындағы сыйлық тағайындалды. Әл-Фарабидың «Әл-Мадина әл-фадила» - қайырымды қаласының үлгісінде «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» жобасын БҰҰ –ның «Академиялық ықпалдастық» бағдарламасының Глобалды Хабы ретінде университет 4.0 жеке моделін жасап, қолданысқа енгізіп келеді. Бұл жоба 2018 жылы БҰҰ-ның Штаб-пәтерінде таныстырылып, әлемдік трендтер мен сұраныстарға жауап беретін университеттердің перспективті даму моделі ретінде халықаралық деңгейде кеңінен таратуға ұсынылды.

«Әбу Насыр әл-Фараби» атты бұл энциклопедиялық жинақ сондай ізгі ниеттен туған игілікті істеріміздің бірі. Маман энциклопедияшы-баспагерлердің жинастырып-құрастырумен және әдеби-ғылыми редакторлығымен, ішінара авторлығымен дайындалған жинақ Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Фараби туралы лебізімен, ҚР Президенті Қ.-Ж.Тоқаевтың мерейтойлық сөзімен, сондай-ақ Мемлекеттік Хатшы Қ.Е.Көшербаевтың әл-Фараби тойының ашылу рәсімінде сөйлеген сөзімен басталып, одан әрі А.әл-Машани, А.Х.Қасымжанов, А.Көбесов, А.Хайруллаев, Б.Қарлыға, Ә.Дербісәлі, Ә.Нысанбаев, М.Бурабаев, Ж.Алтаев, П.Сүлейменов, Г.Құрманғалиева, А.Құрманәлиева, т.б. фарабитанушы

Энциклопедияда әл-Фарабидің қолда бар еңбектерінің барлығы туралы түсініктемелер беріледі. Әл-Фараби өмір сүрген заман, оның замандастары, ол туралы араб, парсы, батыс, еуропа ғалымдарының зерттеулері, Қазақстанда және шет елдерде жарық көрген әл-Фараби туралы кітаптар, оның есімі берілген мекендер, көшелер, оқу орындары, оның ескерткіштері мен суреттері басқа да ғұламаға қатысты мәліметтер мен деректер тұңғыш рет энциклопедияға енгізіліп отыр. Бұл еңбек сонысымен де құнды.

институтында Шығыс философиясы және Фарабитану бөлімі жұмыс істейді. Мұнда ғұламаның трактаттары ғылыми түсініктемелері мен алғы сөздері жазылып, қазақ және орыс тілдерінде жарық көреді. Институт ғалымдары зерттеулер жүргізеді.

Ұлы ғұламаның есімін ардақтап, еңбегін насихаттауда, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алар орны ерекше. Үстіміздегі 2020 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындары арасынан алғаш болып әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енген, тоқсан жылға тауа тарихы бар, ғылым мен білімнің нағыз алтын ордасы боларлық оқу орны баба атына лайық қызмет атқаруды өзінің басты парызы санайды. Университет жанынан Фарабитану орталығы құрылған. Мұнда әл-Фараби мұрасын зерттеу, насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Университет қалашығының аумағында заманауи сәулетпен салынған «Әл-Фараби» кітапханасы, оның ішінде Әл-Фараби музейі жұмыс істейді. 2 миллион данадан аса кітап қоры, мыңға тарта адамға арналған оқу залы бар кітапхана кезең-кезеңмен жаңа технологияға көшуде. Негізгі мазмұндық құрылымы, диорамдық кешендері мен жаймасерелері «Көне Отырар – естеліктер қазынасы», «Әл-Фарабидің жастық шағы», «Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы», т.б. тақырыптық экспозицияларға бөлінген музейде 10–12 ғасырларға жататын тарихи жәдігерлер де бар. Университет қабырғасында «Фараби оқулары», симпозиумдар, халықаралық «Фараби форумдары», студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» халықаралық

ғалымдардың ғылыми мақалалары және құрастырушы-редакторлар жинап дайындаған ақпараттық-танымдық мақалалар энциклопедиялық талаптарға сәйкес әдеби стильде әрі әліппи ретімен берілді. Кітап соңында библиографиялық мәлімет көрсетілген.

Энциклопедияның Бас редакторы ретінде университет ректоры, академик Ғ.М.Мұтанов бүкіл жұмысқа басшылық жасады. Қазіргі кезде энциклопедияның қазақ тіліндегі нұсқасының тұсаукесер рәсімі өткізіліп, оған ҚР Мемлекеттік Хатшысы Қ.Е.Көшербаев арнайы келіп қатысты. Бүгінгі таңда ректордың тапсырмасымен «Әбу Насыр әл-Фараби» энциклопедиясы орыс, ағылшын, араб тілдеріне аударылды.

Соңғы 11 ғасырда ғалымның есімін ерекшелеп, еңбегін зерделеген жүздеген зерттеулер мен кітаптар жазылды. Бірақ солардың ішінде бұл басылым тұңғыш энциклопедиялық жинақ болуымен айрықша орынға ие екенін айта кеткен орынды. Данышпан жерлесіміздің 1150 жылдық мерейтойына орай, осы бір абыройлы іске бастамашы болып, атқарып шыққаны – ғұлама баба атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін де зор мақтанншы. Өйткені Қазақстан – әл-Фарабидің атамекені, Отаны болса, Қазақ ұлттық университеті – өзін ұлы ғұламаның ғылым-білім мәйегін ұйытқан отбасы секілді сезінеді.

Бауыржан ЖАҚЫП,
Ректордың кеңесшісі,

филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі

Тарихта ұлы адамдар аз емес. Солардың ішінде мың жылдың шебіне өтіп, бүгінгі күнге жеткендері санаулы ғана. Қазақ даласынан шыққан отырарлық ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби осындай бірегей тұлға. Өз кезеңіндегі ғылым мен білімнің барлық саласы бойынша айтулы еңбектер қалдырған энциклопедист ғалым, кемеңгер философ, дарынды математик, астролог, музыка теоретигі, шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы болумен бірге, ерте грек ойшылы Аристотельдің шығармаларына алғаш рет ғылыми түсініктеме беріп, «Екінші ұстаз» атанғаны белгілі.

Елімізде данышпан бабамыздың ғылыми мерекесі 1970 жылы өткен еді. Содан бергі жарты ғасырға жуық уақыт ішінде ұлы ғұламаның рухына бағышталған қыруар игі істер жүзеге асты. Ғалымның 1150 жылдық мерейтойы биылғы жылы халықаралық деңгейде аталып өтуде.

Ежелгі дәуірдегі атақты грек ойшылы Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған ғұлама орта ғасырлардағы Фараб (Отырар) қаласында әскербасының отбасында 870 жылы дүниеге келіп, 950 жылы Сирияның Шам қаласында қайтыс болған. Бала Әбу Насырдың білім-ғылымға бет бұруы тегін емес. Ол тұста түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Отырар қаласында Мысырдағы Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхананың болуы да оның болашағына жол сілтеуі бек мүмкін. Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара қалаларында оқыған ол жасөспірім шағында-ақ Жібек жолы бойымен Арабияға сапар шегіп, қалған өмірін сонда өткізеді. Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдат шаһарларында білім алады. Күн көріс үшін түңгі күзетшілікке дейінгі қарапайым жұмыстарды істей жүріп, өздігінен көп оқып, ізденістің тар жол, тайғақ кешулерінен өтеді. Осы мақсатта Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларында болып, ол жерлерде көптеген ғұламалармен танысып, сұхбаттасады.

Тарихи деректерге қарағанда, әл-Фараби 70-ке жуық тіл біліп, философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка, астрономия, астрология салалары бойынша жүз алпыстан аса зерттеулерін жазып қалдырған. Олардың ішінде бүгінгі таңда да өзектілігін жоймаған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Ғылымдар тізбегі», «Музыканың ұлы кітабы», «Бақытқа жол сілтеу» тәрізді трактаттары әлемдік ғылыми ортада кеңінен танымал.

Әбу Насыр әл-Фараби – ең алдымен ұлы философ. Ол өзінің еңбектерінде ғылым салаларын философиялық тұрғыдан саралап, талдайды. Ғұлама өз заманындағы әлеуметтік-этикалық проблемаларға талдау жасап, өзіндік тұжырымдар айтады. Соғыстар мен зорлық-зомбылыққа ашына қарсы шыққан ақыл-парасатты, ізгі тілекті адамдардың тулғасын сомдайды. Шығармаларында мінсіз адамзат қоғамының сипаттамасын жасап, өз заманының бүкіл дүниеге көзқарасын баяндайды. Әл-Фарабидің ілімі бойынша, адам өзінің жаратылысында – қоғамдық тұлға. Сондықтан ол басқа адамдармен қоғамдасып, бірлесіп қана өмір сүре алады. Өйткені әрбір адам жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін, ол мұны жалғыз жүріп талба алмайды, сондықтан ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді. Сөйтіп, біріне-бірі көмектесіп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады. Осының нәтижесінде адам қоғамдары пайда болады. Бұл жағдай адамның өзара көмекке зәрулігінен туады деп түсіндіреді ғалым. Ойшылдың бұл көзқарастары жаһандану бағытындағы бүгінгі ғаламдық үдерістің табиғатын мың жыл бұрын болжағандай болып көрінеді.

Әл-Фараби «Ғылымдардың тізбегі» («Исха ал-улум») деген трактатында сол кездегі ғылымдарға жеке-жеке сипаттама беруге талпынған. Ғалым трактатын: тіл, логика, математикалық ғылымдар, физика мен метафизика және азаматтық ғылым мен дін ілімі деп бес тарауға бөліп, әрқайсысының зерттеу пәнін анықтап көрсеткен. Мысалы, тіл туралы ғылымды жай сөздер, сөз тіркестері, жазу ережелері туралы, т.б. деп бөледі. Осы еңбегінде поэтика, өлең құрылысы туралы кеңінен түсінік берген. Ал математикалық

Кафедра общей и прикладной психологии проводит международную научно-методологическую конференцию «Состояние и перспективы развития отечественной и мировой психологии»

1150-ЛЕТНИЕ АЛЬ-ФАРАБИ: ОТ СТАРТА

Продолжение. Начало на 1 стр.

КазНУ организовал более 60 юбилейных международных и республиканских конференций, круглых столов, научных вебинаров при поддержке таких авторитетных международных организаций как ООН, ЮНЕСКО, ОИС, ТЮРКСОЙ, а также посольств Казахстана за рубежом, за что мы им очень признательны и благодарны. Соорганизаторами в проведении этих мероприятий выступили ведущие зарубежные университеты, в их числе Оксфордский, Стамбульский, Софийский, Афинский национальный университеты, а также Университеты Дамаска, Египта, Берлина, Цюриха, Вены и многие другие.

Дан старт юбилею аль-Фараби в многих странах, в том числе в США, Англии, Индии, Израиле, Сингапуре, Малайзии, Индонезии и других. Состоялся запуск серии Science Talks, TedEx Talks с участием ведущих мировых фарабиеведов, ученых и экспертов, международного конкурса «Kazakh Speaker» по тематике наследия аль-Фараби. Всеми вышеуказанными научно-практическими мероприятиями охвачены свыше 12 тысяч человек из числа представителей более чем 100 вузов и других организаций из 50 стран мира. Пользуясь случаем, хочу пригласить присутствующих к участию в запланированной в конце октября международной конференции, посвященной 75-летию ООН. Контекстом конференции станет обсуждение актуальности идеи аль-Фараби о деятельностном разуме в условиях глобальных вызовов. Также до конца года запланировано проведение международных конференций, посвященных аль-Фараби в Швейцарии, Италии, Германии, Австрии, Вашингтоне, Исламабаде, Стамбуле, Дамаске.

В целях организации комплексного



исследования многогранного наследия аль-Фараби в КазНУ создан Международный центр Аль-Фараби. Впервые разработан виртуальный портал по наследию аль-Фараби, запущена интерактивная площадка по неинституциональному взаимодействию фарабиеведов мира по принципу Invisible College. В коллаборации с мировыми научными школами центром аль-Фараби организована работа по выявлению современного содержания принципов и идей аль-Фараби в контексте мировой философии и науки и междисциплинарных исследований, что является проектом мирового масштаба.

Еще одним важным направлением работы является поиск и перевод ранее неопубликованных рукописей аль-Фараби, Учеными университета



переведены с арабского на казахский ранее не изданных трех трактатов аль-Фараби, которые будут выпущены массовым тиражом в ближайшее время. В год аль-Фараби впервые в мире издана энциклопедия «Аль-Фараби», которая систематизирует всю информацию об аль-Фараби. Опубликованы 7 новых монографий и учебников по наследию аль-Фараби, 2 сборника с афоризмами великого мыслителя на казахском, русском и английском языках.

В год аль-Фараби особое значение придается формированию в стране современной научно-инновационной системы. В этой связи в рамках концепции «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» созданы инфраструктурные объекты научного и социально-культурного значения, которые позволяют привлечь инвестиции, придать мощный импульс развитию технологий и повысить уровень отечественной науки и образования. В год юбилея великого мыслителя

местом духовного притяжения стала научная библиотека аль-Фараби. Свообразным добродетельным домом стал ЦОС «Керемет» Центр обслуживания студентов «Керемет», в котором на основе коллективной взаимопомощи и высоких этических стандартов предоставляется свыше 500 социально-значимых услуг. Открыта «Al-Farabi business school» по программам MBA и DBA, которые уже становятся привлекательными для иностранных слушателей.

В соответствии с мировыми трендами, на базе КазНУ им. аль-Фараби создается научно-технологическая долина Аль-Фараби при поддержке ЮНЕСКО и ОИС. Данный проект призван реализовать новую модель управления наукой, ориентированной на создание и конвертацию научных разработок, основанной на принципах научного самоуправления, экономической самодостаточности и привлечения инвестиций в наукоемкий сектор. Научно-технологическая долина Аль-



Әл-Фараби жылына ҚазҰУ ұйымдастыруымен алпыстан астам шара өтті

ДО ИТОГОВ ЮБИЛЕЙНОГО ГОДА

Фараби станет мощной платформой привлечения международных инвестиций на развитие новых технологий и инноваций.

Популяризация наследия и идеалов аль-Фараби среди молодежи – важнейшее направление юбилейного года. В этой связи на национальной платформе открытого образования Казахстана moocs.kz размещен онлайн-курс «Аль-Фараби и современность», который прослушали уже 5 тысяч человек.

Запущен челлендж «Қайырымды қоғам», состоялась международная предметная олимпиада «Аль-Фараби», охватившая 9,5 тыс. школьников из 10 стран мира. Ежегодно победителям олимпиады выделяется 40 образовательных грантов на обучение в КазНУ.

Проведена общереспубликанская онлайн лекция «Час добродетельности» на тему «Аль-Фараби и добродетельное общество», трансляция которой была осуществлена на телеканалах Хабар, Казахстан и 14-ти региональных ТВ. Размещенные на YouTube-канале, данные видеолекции набрали более 100 тысяч просмотров.

Все юбилейные мероприятия были освещены в отечественных и зарубежных СМИ, в том числе Китая, Турции, Египта, стран Центральной Азии и СНГ. Торжественный старт юбилейных мероприятий наряду с казахстанскими СМИ транслировался Национальным телеканалом Турции.

Также на YouTube-канале AlFarabiTV КазНУ открыл плейлист #ALFARABI1150, на котором размещены свыше 100 видеоматериалов, сюжетов, репортажей и анимационных фильмов по популяризации наследия



аль-Фараби. Создан цикл из трех документальных фильмов об аль-Фараби совместно с медиакомпаниями Голландии и Турции. В настоящее время КазНУ завершил работу над новым кинопроектом «Возвращение Учителя» с участием казахстанских кинематографистов.

Одной из главных задач юбилейного года выступает продвижение идей аль-Фараби о роли науки, добродетели, этическом совершенствепосредствомреализации конкретных научно-образовательных и инновационных проектов. Как показывает время, актуальным и востребованным для современного общества остается учение великого аль-Фараби, о добродетельном городе – Аль-Мадина аль-фадила. На все пороки человечества аль-Фараби дает один ключевой ответ –

духовно-нравственные ценности, или добродетели, что требует широкого распространения как востребованного обществом нового мировоззрения.

В рамках программы «Рухани жаңғыру» КазНУ на основе идеи Аль-Фараби о добродетельном обществе, разработал новую современную модель «УНИВЕРСИТЕТА 4.0.» Она реализуется на основе концепции «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» и базируется на симбиозе высокотехнологической и духовно-нравственной платформ. Презентованная в Штаб-квартире ООН в Нью-Йорке модель Университета 4.0, сегодня широко распространяется на международном уровне в качестве совместного с Альянсом цивилизаций ООН проекта «Формирование добродетельного общества. Миссия современных университетов».

К широкому распространению учения аль-Фараби о единстве интеллектуального и нравственного совершенствования личности сегодня подключились Центры аль-Фараби в 12 ведущих вузах мира, на базе которых ведется работа по созданию филиалов КазНУ. Открытие первого такого филиала КазНУ планируется на базе историко-культурного центра Аль-Фараби в Дамаске. Также проведена предварительная работа по открытию филиалов на базе центров аль-Фараби в Стамбуле, Дели и других городах. Наряду с этим проведена работа по созданию новых зарубежных центров аль-Фараби в США, России, Греции, Румынии, Албании, Малайзии, Узбекистане, Туркменистане, странах Прибалтики.

Широкое распространение ключевых идей аль-Фараби не только являет собой основу для национального возрождения, но и способствует формированию новых общечеловеческих ценностей, обеспечивающих устойчивое развитие человеческой цивилизации. Это – казахстанский вклад в формирование нового мировоззрения по обеспечению устойчивого развития современного мира.

В этой связи, хочу напомнить наизнавание великого аль-Фараби: «Добродетельное общество – это сообщество людей, которые располагают точным знанием об истинном счастье и путях его достижения и действуют в соответствии с этим знанием».

Уважаемый Крымбек Елеуович!

В заключение доклада, разрешите пригласить Вас к участию в торжественной презентации впервые в мире изданной энциклопедии об аль-Фараби и торжественно перерезать ленту вместе с известным фарабиеведом, профессором Абсаттаром Дербисали.

Соб. корр.



ҚазҰУ-да әлемде тұңғыш рет Әл-Фарабиді тануға арналған энциклопедияның тұсаукесері өтті

Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 75 жыл толуына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасы (UNAI) Жаһандық хабының жаңа кеңсесі ашылды.

Жаңа кеңсе ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевқа таныстырылды. Ол ҚазҰУ-ға таяудағы сапары кезінде 2014 жылдан бері төртінші рет қатарынан БҰҰ бағдарламасының Жаһандық хабын басқарып келе жатқан университеттің қызметімен танысты. Ол жүргізіліп жатқан жұмыстың маңыздылығын және осы платформаны адамзаттың тұрақты даму мәселелерін шешуге бағытталған Қазақстанның бастамаларын ілгерілетуде пайдалану қажеттілігін атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың озық тәжірибесі тұрақты даму мәселелері бойынша ғылыми-білім беру қоғамдастығының әлемдік үйлестірушісі ретінде сұранысқа ие және жоғары халықаралық танымалдыққа ие болды. Мәселен, жетекші қазақстандық университет Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның «RIO+20» Дүниежүзілік Саммитінде Елбасы Н.Назарбаевтың «Энергия-экологиялық дамудың жаһандық стратегиясы» және «Жасыл көпір» бастамаларын қолдай отырып, ТМД жоғары оқу орындары арасында жалғыз университет ретінде ҚазҰУ «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» жобасын таныстырып, өз секциясын ашты.

«Тұрақты адамзаттық дамудың жаңа парадигмасы. G-Global – жаһандық диалог форматы» халықаралық конференцияның өткізілуі университеттің БҰҰ идеялары мен принциптерін халықаралық деңгейде жүзеге асырудағы белсенді ұстанымының жарқын айғағы болды. Дәл осы 2014 жылы қарашадағы шарада алғаш рет ҚР Президенті Қ.Тоқаев қоғамға тұрақты

БҰҰ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАҒАНДЫҚ ХАБЫНЫҢ ЖАҢА КЕҢСЕСІ АШЫЛДЫ



адами дамудың жаңа парадигмасының 10 қағидатын таныстырды. Қазіргі және болашақтағы қауіп-қатерлерді ескере отырып, Мемлекет басшысының өркениеттік олқылықтарды еңсеруге және жаңа әлемдік тәртіпті орнатуға деген тұтас көзқарасы сарапшылар мен халықаралық қоғамдастықтың жоғары бағасына ие болды. Бүгінде ҚазҰУ UNAI хабын басқара келе, кең академиялық топтарды тарта отырып, осы жаһандық бастаманы іске асыру үшін мақсатты түрде жұмыс істеуде.

АЭФ аясында ҚазҰУ Азия университеттерінің «Еуразиялық әртүрлілік және тұрақты даму үшін университеттердің рөлі» III форумын

ұйымдастырып өткізді, онда қазіргі заманның жаңа қауіп-қатерлері мен сын-қатерлерін шешуде жоғары оқу орындарын шоғырландыру, олардың энергетикалық қауіпсіздік пен қоғамның орнықты дамуындағы рөлін арттыру мәселелері қаралды. 2018 жылы ҚазҰУ-да БҰҰ Экс-Бас хатшысының жеке қатысуымен ашылған табысты түрде жұмыс істейтін Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты құрылған болатын.

ҚазҰУ-дың ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевпен кездесуінде БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек мыңжылдықтың сын-қатерлерін шешуге және Қазақстанның бастамаларын

ілгерілетуге бағытталған университеттің белсенді қызметі тұрақты даму мақсаттарын іске асыруда БҰҰ-мен ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды тереңдетуге қомақты үлес қосатынын атап өтті.

ҚазҰУ әл-Фарабидің мерейтойлық жылында БҰҰ-ның Жаһандық азаматтық бағдарламасымен синергиядағы идеяларын алға тарта отырып, белсенді жұмыс жүргізуде. Университет БҰҰ Өркениеттер Альянсымен бірлесіп «Ізгілікті қоғам азаматтарын қалыптастыру. Қазіргі заманғы университеттер миссиясы» халықаралық жобасын жүзеге асыруда, оның негізінде ұлы ойшылдың ізгілікті қоғам туралы идеялары жатыр.

24 қазанда атап өтілетін БҰҰ күні қарсаңында және тұрақты даму мақсаттарының онкүндігі шеңберінде Әл-Фарабидің 1150 жылдығына, БҰҰ-ның құрылғанына 75 жыл толуына, БҰҰ Өркениеттер Альянсының 15 жылдығына және «Академиялық ықпал» бағдарламасының 10 жылдығына арналған «Ақыл бейбітшілік үшін» халықаралық конференциясы өткізіледі. Бұл жоғары деңгейдегі шара Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасын БҰҰ-ның жаһандық азаматтық және тұрақты даму бағдарламаларымен синергияда қарастыруға бағытталған. Бұл шараға БҰҰ құрылымдары мен бағдарламаларының басшылары, әлемге танымал ғалымдар, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, академиялық қоғамдастық пен масс-медиа өкілдері қатысады деп күтілуде.

Өз тілішімізден

Ерте кезден халықаралық қатынастар саласы мәдениетаралық қарым-қатынастың дамуымен тығыз байланысты болды және оның негізінде шет тілін жетік білу жатыр.

Халықаралық қатынастың барысына және оның нәтижесіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі – тіл, мәдениет, тарих, салт-дәстүр, идеология, дін және шетелдік заңдар. Осының ішіндегі ең маңыздысы – тіл, ол келіссөздердің атмосферасын жасайды, яғни серіктестің тілін білу- мақсатқа жетудегі ең маңызды қосымша құрал.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында халықаралық қатынастар саласындағы мамандарды даярлауда бір немесе бірнеше тілді кәсіби деңгейде тереңдетіп оқыту міндетті және ол сыртқы істер министрлігінің қызметкерлеріне қойылатын негізгі біліктілік талаптарының бірі.

Шет тілін білу деңгейі халықаралық қатынастың табысты болуына және уәкілетті органның алға қойған мақсатына жетуіне үлкен әсер етеді. Дипломаттардың тілдік білімдерін үнемі жетілдіріп отыруы өзі үшін де, дипломатиялық қызмет үшін де өте маңызды.

ДИПЛОМАТТАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

Осындай дипломатия саласының мамандарына шет тілін оқытуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасының рөлі зор.

Жалпы айтқанда елмен елдің арасындағы халықаралық қатынастарды шет тілінсіз елестету мүмкін емес. Шет тілі-елмен елдің арасын байланыстыратын, маңызды мәселелерді талқылаудағы ең маңызды құрал. «Қанша тіл білсең, сонша адамсың»,- дегендей, біздің кафедрамыздың оқытушылары әлемнің жеті тілінде яғни ағылшын, француз, неміс, испан, итальян, араб және қытай тілінде сабақ беріп, халықаралық қатынастар саласындағы мамандарды даярлауда үлкен үлес қосуда.

Сондай-ақ магистратурада «Халықаралық қатынастар және құқық саласындағы аударма» жаңа оқу бағдарламасы бойынша мамандар даярлауда. Аударманың ел мен елдің арасында мәдени көпір салатынын ескерсек, басқа мәдениетті тану арқылы өз мәдениетімізді тануға, жаңа білімдермен адами және мәдени капиталымызды байыту үшін мүмкіндіктер ашылуда.

Ағымдағы жылы халықаралық қатынастар факультеті өзінің 25 жылдық мерейтойын атап өтуде. Осыған орай, 2020 жылдың 12-13 қараша аралығында «Заманауи халықаралық қатынастардағы Қазақстан: тәуелсіздік тұғыры астында» халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясы өтті. Аталған конференция аясында дипломатиялық аударма кафедрасының ұйымдастыруымен «Шет тілдері және аударма ісі пәндерін оқытудың өзекті әдістері» секциясы өткізілді.

Конференцияның мақсаты- жоғары білім саласындағы жетекші шетелдік және отандық ғалымдар мен сарапшыларды конференция алаңына жинап, шет тілдерін оқытудың жаңа әдістері мен аударматану бойынша өзекті мәселелерді талқылау және маңызды ой-пікірлерді ескеріп, болашаққа жоспар жасау, осы саланы одан әрі дамытуға қажетті құралдарды жетілдіру.

Конференцияға әлемде болып жатқан індетке қарамастан, өз саласының адал қызметкері ретінде ғылым-білімнің, өзара серіктестіктің дамуына үлес қосып жүрген отандық, шетелдік университеттердің ғалымдары мен білім саласындағы сарапшылары қатысты.

Конференцияда шет тілдерін және аударманы оқытудағы заманауи әдістер мәселелері кеңінен талқыланды. Шетелдік серіктес университеттермен халықаралық байланысты, академиялық ұтқырлықты, өзара бірлескен жобаларды одан әрі нығайту жолында жұмыс жасауға жоспарлар жасалды.

Сандық технологияның құдіреті айшылық алыс жерлерден хабар алғызып, бір-бірімізбен қатынас жасауға жағдай жасап отыр. Географиялық жағынан алыс болсақта, ой-пікіріміз, сана-сезіміміз, ғылыми бағытымыз бір адамдармен бір алаңда ойталқы жасадық.

Қорыта айтқанда, конференция өз мақсатына жетті. Барлық қатысушылар үшін пайдалы болды деп ойлаймыз.

Сөз соңында Халықаралық қатынастар факультетінің ұжымын 25-жылдық мерейтоймен құттықтаймын және еңбектеріне табыс тілеймін!

А. СЕЙДИКЕНОВА,
дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі,
ф.ғ.к., профессор м.а.

РЕКТОРАТ

Очередное рабочее заседание ректората было посвящено актуальным вопросам разработки и интеграции онлайн-курсов в учебный процесс, а также обсуждению итогов визита государственного секретаря РК К. Кушербаева в Международный центр аль-Фараби.

Директор института новых образовательных технологий Асель Мусинова представила актуальную информации о ситуации с разработкой и интеграцией онлайн-курсов в учебный процесс. В частности, была озвучена статистика Национальной платформы открытого образования за последние годы, которая наглядно демонстрирует динамику роста количества разработанных и запущенных MOOK в 2020 году в сравнении с 2018-м, которое увеличилось вдвое с 50 (2018 г.) до 113 (2020 г.). Количество зарегистрированных слушателей в свою очередь возросло с 353

в 2019 до 1007 в 2020-2021 гг. человек. Таким образом, процесс в своей активной стадии, но впереди большая работа. В связи с этим, спикер презентовала План по реализации и разработке онлайн-курсов на 2020-2021 г.

В результате участниками заседания были приняты следующие решения по данному вопросу: доработать дорожную карту разработки и реализации MOOK; обеспечить регистрацию обучающихся бакалавриата на MOOK «Ағылшын тілі» и MOOK блока общеобразовательных дисциплин «Саясаттану», «Психология», «Философия», «Әлеуметтану», «Мәдениеттану»; завершить регистрацию обучающихся магистратуры на MOOK «Жоғары мектеп педагогикасы»; выполнить и завершить проект «Methods of Molecular Biology» для Coursera; провести зимнюю и летнюю школу разработки и реализации MOOK; осуществить

интеграцию платформ Open и edX Univer и другие.

Большой интерес участников заседания вызвал доклад проректора по социальному развитию Шолпан Джаманбалаевой о визите государственного секретаря РК К. Кушербаева в Международный центр аль-Фараби, во время которого состоялась презентация нового метода управления наукой – проекта по созданию «Научно-технологического долины Аль-Фараби», состоящей из трех высокотехнологичных кластеров. Вниманию почетного гостя были представлены меморандумы и соглашения со стратегическими партнерами по привлечению инвестиций на сумму более 500 млрд. тенге. Государственного секретаря заинтересовали мультиприродные добавки, подавляющие распространение ОРВИ и укрепляющие иммунитет человека. Природная формула уникальных добавок,

состоящих из 15 видов растений, обладает противовирусной активностью.

По итогам визита также были приняты решения: провести на высоком организационном и содержательном уровне международную конференцию, посвященную 75-летию ООН и 1150-летию аль-Фараби, а также международные конференции в Швейцарии, Италии, Германии, Австрии, Вашингтоне, Исламабаде, Стамбуле, Дамаске; проработать вопросы по получению статуса специальной экономической зоны научно-технологической долины Аль-Фараби; завершить работу по передаче на баланс КазНУ культурно-исторического центра аль-Фараби в г. Дамаск (Сирия) и открытию филиала университета и другие.

Соб. корр.

СҰЛТАН САРТАЕВ - ЗАҢҒЕР, САЯСАТКЕР, ПАТРИОТ

15 қазанда заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан заңтану патриархтарының бірі Сұлтан Сартайұлының көзі тірі болғанда 93 жасқа толар еді. Қазақстанның заң ғылымында және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарихында өзінің жарқын ізін қалдырған көрнекті ғалымның өмірбаяны мен жетістіктерін еске аламыз.



Сұлтан Сартаев Қызылорда облысының жаңа Қорған ауданында дүниеге келген. 1944 жылы ол жолдама бойынша Горький облысына жіберіледі, онда ол металлургияда оқуы тиіс еді. Бірақ жас жігіт басқа жолды армандады. Ол заң факультетіне түсу үшін оны Астанаға жіберуді өтінді. Тек 1945 жылы емтихан тапсырғаннан кейін ғана ол зауыттан босатылып, 1949 жылы Алматы заң институтын «заңгер» мамандығы бойынша тәмамдайды. Осыдан кейін Мәскеу заң институтының аспирантурасына түседі. Оны 1952 жылы бітіріп, «Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы мен дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1970 жылы Сұлтан Сартайұлы «Социалистік мемлекеттіліктің құрылысы және Қазақстандағы халықтың өкілдіктің жоғары органының мәселелері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 1992-2007 жылдары Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын басқарды. Өмір бойы белгілі ғалым әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жұмыс істеді. Мемлекет және құқық теориясы және тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының құрметті

профессоры, университет ардагерлер кеңесінің төрағасы болды. Ол заң факультетінде қазақ бөлімін ашуға бар күшін жігерін салды.

Оның Қазақстан мемлекеттілігін қалыптастыруға, егемендікті нығайтуға, тәуелсіздіктің ғылыми-теориялық негіздерін әзірлеуге қосқан үлесі баға жетпес. Ол Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық заңнамасын қалыптастыруға белсене қатысты. Оның академиялық білімдері, ғылыми дәлелденген ұсыныстары еліміздің басты заңдарын – Қазақ ССР Мемлекеттік Егемендігі туралы декларацияны, «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» ҚР Конституциялық заңын, 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын дайындауда қолданылған; «Тіл туралы», «Азаматтық туралы» және басқалары бар. Сұлтан Сартаев Қазақстанда президенттік басқару нысанын құру, ҚР Президенті лауазымын құру идеясының негізін қалаушылардың бірі болып табылады. 500-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

Сұлтан Сартайұлы заң ғылымын әлемдік маңызы бар жұмыстармен байытқан көрнекті қазақстандық ғалымдардың қатарына жатады. Академик Сартаевтың ғылыми еңбектері біздің елімізде де, ТМД республикаларында да, алыс шетелдерде де кеңінен танымал.

Педагогикалық қызмет жылдарында ол әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің жүздеген түлектерінің өміріне жолдама берді. Оның шәкірттері түрлі салаларда табысты еңбек етуде. Олардың көпшілігі-Қазақстан мен ТМД елдерінің мемлекеттік органдарының жүйесінде. Бірақ оның шығармашылық батасымен өзін ғылыми жұмысқа, ғылыми-оқытушылық және қоғамдық-саяси қызметке арнаған адамдар аз емес.

Сұлтан Сартайұлы қажырлы еңбегінің, көрнекті жеке қасиеттерінің арқасында халықтың шынайы құрметіне ие болды, ал оның өмір жолы көптеген ұрпақтар үшін үлгі болатыны сөзсіз.

Өз тілшімізден

Оқырманға Олжас Сүлейменовтің «Этимологияға кіріспе» атты кітабы жол тартты. Бірнеше новеллалардан тұратын кітапта көптеген туыс және туыс емес тілдердің материалдары негізінде графикалық бейнесін қайта жаңғырту арқылы ғана білуге болатын бірқатар сөздердің этимологиялық зерттеулері ұсынылған.

ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР ЖАРШЫСЫ

Аталған кітап этимологияға қатысты тың идеяларымен оқырманның қызығушылығын тудырады. Ол сөз тарихы, тіл тарихымен айналысатын мамандарға өте қажет. Сонымен бірге жаңа этимологияның ғана дамуына емес, тарихнама, мәдениеттану, география және тағы басқа да білім салаларына да ықпал етері сөзсіз.

Ақиық ақын Олжас Омарұлы Сүлейменов филология ғылымы саласы зиялы қауымына ғана емес, сонымен қатар көзі қарақты әлем жұртшылығына түркітану және славянтану ғылымдарына өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері көне тілдер туралы төңкерістік сипаттағы ғылыми тұжырымдарын ұсынған ғалым ретінде де кеңінен танымал. Ғалым еңбегі оның әлем университеттерінің бірде бірінде «Этимология» кафедрасының жоқтығы және оның себептерін іздестіруден басталады. Бұл тұрғыдағы ғалым ойы тағы да өзіне тән бірегейлігімен ерекшеленеді. Ғалым: «XX ғасырда Соссюрдің ғылыми ақиқат мәртебесіне ие болған семантикалық формуласы кең құлаш жайды. Бұл этимологтардың зерттеулерін едәуір жеңілдетті: егер сөзді бір кезде, біреулер жай ғана құрастырса, еркін ойлап тапса, енді оның тарихының тек беткі жағымен – фонетикалық сипатының әртүрлілігі, көршілес және туыс тілдерге таралу географиясымен ғана айналысуға болатын болды. Сөз, грамматика, жазу таңбаларының шығу төркінін қарастыру қажет емес, немесе – сөз себепсіз деп айтылған!» - деп, бір ғана терең дәйектелмеген тұжырымның шылауында этимологияның дамымау себептерін көрсетеді. Ғалым «Академиялық этимология туралы», «Gibba – «бүкір» (лат.) сөзінің шығу тегі», «Жазба таңбаның этимологиясы» туралы бөлімдерден тұратын «Этимологияға кіріспе» кітабында тілдердегі фонетикалық жүйенің даму заңдылықтары негізінде тілдердің тамырластығын көрсетсе, чучело т.б. бірліктер этимологиясын талдай келе, оларды тілдік қатынастар нәтижелері ретінде танытады. Ғалым зерттеуі этимологияны таңба тарихымен байланыстырады. Осы тұрғыдан ғалым этимологияны рухани дамудың



қайнар көздері туралы деректерге қол жеткізу құралы деп танытып, адамзат тілінің шығуы туралы зерттеулердің аса қажеттілігін, оны филологиялық мамандықтарда қайта жаңғыртудың өзектілігін дәйектейді. Кітапта көрініс тапқан зерттеу әдістемелері мен ғылыми тұжырымдар түркітану, қазақ тілінің тарихи грамматикасы, лексикология, семантика, этимология т.б. пәндер курстарын оқыту үдерістерінде жаңа ізденістерге бастайды деп сенеміз! Әсіресе, университеттерде этимология кафедраларын ашу туралы О. Сүлейменов идеялары мен сол тұрғыдағы зерттеу жұмыстары филология мамандықтарын оқытуды оның іргетасынан бастауға бағыттады, оқу үдерісінде зертханалық жұмыстарды жаңаша ұйымдастыруға ой тастайды.

А. ТАУСОҒАРОВА,
С. БЕКТЕМІРОВА,
жалпы тіл білімі және
еуропа тілдері кафедрасының
доценттері, филология
ғылымдарының кандидаттары

Центр аль-Фараби и факультет философии и политологии проведет круглый стол
«Наследие великого ученого»

ӘЛ-ФАРАБИ ЖЫЛЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,
Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com
Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді. АҚ
"Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.